

Агенттіктің 1998 жылғы 19 тамыздағы N 03-5-ОД бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің 2001 жылғы 12 ақпандағы N 20-ОД бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 11 наурызда тіркелді. Тіркеу N 1422. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 26 ақпандағы N 57-ОД бұйрығымен.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27-бабын басшылыққа ала отырып,
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті төрағасының 1998 жылғы 19 тамыздағы N 03-5-ОД бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 16 қарашада N 645 нөмірмен тіркелген Қазақстан Республикасының табиғи монополия, субъектілерінің Мемлекеттік тіркелімін қалыптастыру және жүргізу ережесіне мынадай өзгеріс енгізілсін:

9 - т а р м а қ т а ғы :

"және оның рыноктағы үстем жағдайын тану" деген сөздер алып тасталсын.

2. Монополияға қарсы саясат, шағын бизнесті қолдау және құқықтық қамтамасыз ету басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өткізуді қамтамасыз е т с і н .

3. Ұйымдастыру-инспекторлық басқармасы осы бұйрықты Агенттіктің аумақтық бөлімшелеріне жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау төрағаның орынбасары С.Ш. Құрманғалиевқа жүктелсін.

Төрағаның міндетін атқарушы